

УДК 37.23

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЕРДІ ИНКЛЮЗИВТІ ДАЯРЛАУДА
ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТ РЕТІНДЕ**

Озат Бердыгуль

berdigul2320@gmail.com

7M01103 білім беру бағдарламасының магистранты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Ахтанова С.К.

Инклюзивті білім беру - гуманизмге, руханилылыққа, әлеуметтік әділдікке жетелейтін әрі солардан бастау алатын, өзіндік ерекшелігі мол сала. Адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттары әрбір адамның қоғамдық өмірге теңдікпен және дискриминациясыз араласуы керек деген идеяға негізделетіні белгілі. Сондықтан да әлемдік білім беру жүйесінде соңғы жылдары жаңашыл идеялар көптеп енгізіліп, олардың діңін ЮНЕСКО-ның «Білім барлығы үшін» бағдарламасы қалап келеді. Оқыту мекемелеріне инклюзивті білім беруді енгізу үдерісі – уақыттың талабы. Дегенмен, бұл қадам– білім беру жүйесіндегі гуманизмнің қарқынды даму нәтижесі екенін де атап өту керек[1].

Инклюзивті білім беру жүйесі қазіргі кезде өзінің ғылыми негіздері мен әдіснамасын жетілдіруге ұмтылуда. Ол әдіснаманың басты ерекшелігі сонда, бұл сала бойынша бала - оқытуды қажет ететін, бірақ түрлі қажеттілік деңгейлері бар жеке тұлға[2]. Инклюзивті білім беру түрлі деңгейде оқи алатын түрлі ерекшеліктері бар балаларды қанағаттандыруға икемді болып келетін тәсілді зерттеуде.

Инклюзивті білім беру- білім беру мен тәрбиелеуді ұйымдастырудың үлгісі ретінде, әр оқушы үшін қол жетімді форматта білім беру және тұлғааралық қатынастар жүзеге асырылады, жеке және әлеуметтік даму, әлеуметтену, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі өзгерту мүмкіндіктері қамтамасыз етіледі. Инклюзивті білім берудің тиімділігі мен табыстылығы болашақ педагог-психологтердің осы саладағы жұмысқа жаңа кәсіби жағдайлардағы дайындығымен анықталады. Педагогтердің мұндай дайындығы (инклюзивті дайындығы) тұлғаның күрделі интегралдық субъектілік сапасы болып табылады.- құзыреттіліктер кешені арқылы жан-жақты ашылып, өзекті мәселелерде тиімді кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттің шарты ретінде жүзеге асады [3]. Инклюзивті дайындық компоненттік құрамға ие:

- когнитивті компонент (хабардарлық және негізгі заңдылықтар туралы ғылыми-теориялық білімді қолдана білу ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психофизикалық даму ерекшеліктерін білу; әр баланың психикалық дамуының жеке ерекшеліктерін ескеру қабілеті);

құрылымдық-ұйымдастырушылық компонент (оқу материалын іріктеу, жоспарлау және құру; қарым-қатынас, әлеуметтену, оқыту және білім беру міндеттерін шешу мақсатында балалар ұжымын ұйымдастыру, әдістерді, оқыту құралдарын қолдана отырып, білім беру; балалардың әртүрлі санаттарымен жұмыс істеудің педагогикалық тәсілдері; тұлғааралық қатынастарды оңтайландыру мәселелерін шеше білу; ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды педагогикалық қолдау)

- коммуникативтік компонент (кеңес беру дағдыларын меңгеру, балаларды және олардың ата-аналарына қолдау білдіру; инклюзивті білім берудегі "ерекше" балалардың имиджін қалыптастыру; педагогтерді ақпараттандыру қабілеті; инклюзивті білім берудегі педагогтердің, ата-аналардың, балалардың өзекті мәселелері бойынша білім беру).

- рефлексивті компонент (салыстыру қабілеті, барлық педагогтерге қатысты педагогикалық қызметтің нәтижелерін бағалау және жүзеге асырудың күшті және әлсіз жақтарын анықтай білу; білім беру инклюзиясы жағдайында өзінің кәсіби-педагогикалық іс-әрекеті бағдарлау; инклюзивті білім беру кеңістігінде педагогикалық қызметтің тиімділігін арттыру).

Сонымен бірге, болашақ педагог-психологтерді даярлауды инклюзивті білім беру процесі тұрғысынан кәсіби дайындықтың құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға болады, ол өз кезегінде инклюзивті білім беруде тиімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді [4].

Осылайша, болашақ педагог-психологтердің инклюзивті білім беруде даярлау эффектісі-бұл педагогикалық жағдайлармен қамтамасыз етілген жүйелі ұзартылған процесс, оның нәтижесі мотивация мен қабілеттерді алдын-ала анықтайтын құзыреттер кешені, кәсіби-педагогикалық қызметтен тұрады. Болашақ педагог-психологтердің инклюзивті даярлау көрсеткіші ретінде педагогикалық шарттардың сипаты мен мазмұны динамикалық сипатқа ие және кәсіби-педагогикалық қызметтің мазмұнын анықтайтын әлеуметтік сұраныс арқылы анықталады. Болашақ педагог-психологтерді инклюзивті білім беруге даярлауда педагогикалық шарттарды анықтаудағы бастапқы ережелер:

*инклюзивті білім беру сапасын қамтамасыз етудегі қоғамның әлеуметтік тапсырысының актуальділігі;

*инклюзивті білім беру жағдайындағы кәсіби-педагогикалық қызметтің ерекшеліктері

*білім беру кеңістігінің мазмұндық бағыттарының бірлігі заман талабына сай өзгеріп отыруы;

*жоғары педагогикалық білім берудегі «инклюзивті білім беру» ұғымын практикалық бағытта іске асыру

* болашақ мамандарды инклюзивті білім беруге даярлау тәсілдерін дамыту.

Болашақ педагог-психологтердің инклюзивті білім беруге даярлаудағы педагогикалық шарттар негізі өзара үш құрылымды анықтайды: педагогикалық-ұйымдастырушылық шарты, педагогикалық мазмұн шарты және процессуалдық-

педагогикалық шарты. Осы мақала төңірегінде ерекше назар педагогикалық-ұйымдастырушылық шартына қойылады.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, зерттеушілердің көзқарастары мен пікірлері «педагогикалық-ұйымдастырушылық» анықтамасының мазмұнына қатып қалған жүйелі ойлардың болмауын көрсетті. Әр зерттеуші әртүрлі мазмұнда қолданатыны анықталды.

Сонымен, педагогикалық-ұйымдастырушылық шарт дегенімізді зерттеушілер мына ұғымдармен түсіндіреді: ұйымдастырушылық ресурстар, ұйымның іс-шаралары, білім беру мен тәрбие процесінің жағдайлары, жоспарланған білім беру мақсаттарына қол жеткізу; білім беруді мақсатты басқаруды қамтамасыз ететін өзара байланысты алғышарттардың жиынтығы ретінде жүйелейді (қаржылық, материалдық-техникалық, кадрлық, ақпараттық қамтамасыз ету) және т.б.

Болашақ педагог-психологтерді инклюзивті білім беруге даярлаудың педагогикалық-ұйымдастырушылық шартының негізінде білім беру нәтижелерін талдау, модельдеу, білім беру тиімділігін мониторингтеу және оларды қамтамасыз ету негізінде тұтас алғанда инклюзивтік білім беру процесін жеделдету және жүйелі түрде іске асыру жатыр. Мұндай қамтамасыз етудің негізін педагог кадрларды даярлау процесін бағалауды қамтитын критериалдық кешен (педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық аспектілер) және білім беру нәтижелері (инклюзивті дайындық компоненттерін анықтайтын құзыреттілік кешені) құрайды.

Осы мақалада педагогикалық-ұйымдастырушылық шартын анықтауда біз оларды "жиынтық" ретінде қарастыратын О.В. Галкинаның ұстанымына сүйенеміз. Ол оны өзара байланысты ақпараттық кешендер, педагогикалық мазмұнға ие; "шарт-алғышарттар", "ситуациялық шарттар" және "шарттар-талаптар" ретінде көрсетеді, олар белгілі бір педагогикалық мақсаттарға қол жеткізу бойынша қызметті басқаруды қамтамасыз ету үшін субъектіні құрған орынды" дейді [5].

Бұл ретте субъект ретінде біз, білім беру мекемесінің басшысын алсақ болады, (мысалы, жоғары білім беру мекемесінің ректоры), сондай-ақ болашақ педагог-психологтерді даярлауда білім беру процесін қамтамасыз ететін профессорлық-оқытушылық құрам субъект бола алады.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы ұйымдастырушылық шартының жиынтығы жоғары білім беру мекемесінің профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби-педагогикалық қызметі және жоғары білім беру мекемесінің басшысы құрған студенттердің оқу қызметі туралы ақпараттық кешен (кадрлық, материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік) ұсынылуы қажет, ақпараттық-анықтамалық және басқа ресурстар, оқытушы мен студенттің белгіленген білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін тиісті білім беру процесіне қосылуын қамтамасыз ету.

Жоғары оқу орнында ерекше қажеттіліктері бар жандарға бірлескен білім беру процесіне қосылуға мүмкіндік беретін кедергісіз білім беру ортасын (физикалық, дидактикалық, психологиялық, қарым-қатынас) қалыптастыру. Білім беру мекемесінің толерантты ортасын құру және қолдау инклюзивтілік қағидатын іске асырудың шарты болып табылады.

Болашақ педагог-психологтердің инклюзивті дайындығы педагогикалық-ұйымдастырушылық шарты негізінде:

инклюзивті білім берудің мәні мен ерекшеліктерімен, полисубъектілікпен, қағидаттар мен құндылықтармен танысу аспектісінде білім беру мекемесінің профессорлық-оқытушылық құрамын алдын ала оқыту және біліктілікті арттыру, оқыту мазмұндық мүмкіндіктерін бағдарлау жатады.

инклюзивті білім беру және білім беру идеяларын позициялауға арналған элективті пәндер, болашақ педагог-психологтердің инклюзивті дайындығын жақсартуға жағдай жасайды.

Қорытындылай келгенде, болашақ педагог-психологтердің инклюзивті дайындығының педагогикалық- ұйымдастырушылық шартын қарастыру жоғары білім беру мекемесін басқарудың әртүрлі деңгейлерін анықтаумен байланысты. Сонымен, басқарудың институционалдық деңгейі жоғары білім беру мекемесі әлеуметтік қоғамдастықпен, білім беру мекемелерімен — инклюзивті білім беру процесіне дайын педагог-психологтерге тапсырыс берушілерімен өзара іс-әрекетте болу үшін жағдай жасауды көздейді.

Болашақ педагог-психологтердің кәсіби қызметінде инклюзивті білім беруге даярлығын тиімді жүзеге асырудың педагогикалық-ұйымдастырушылық шартын былай анықтаймыз;

-бұл деңгей студенттердің қажетті академиялық, кәсіби және әлеуметтік-жеке құзыреттерді игерудегі мақсатты қызметі үшін педагогикалық жағдайларды қамтамасыз етеді.

Осылайша, педагогикалық-ұйымдастырушылық шартын есепке алу және қамтамасыз ету мазмұнды инклюзиялық білім беру және процесстік жағдайларды жүзеге асыру мүмкіндігінің негізі болып табылады

Болашақ педагогтардың инклюзивті дайындығында ерекше рөл-педагогикалық кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары білім беру мекемелерінің басшылығына беріледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сулейменова Р.А. Социальная коррекционно-педагогическая поддержка как путь интеграции детей с ограниченными возможностями. Проблемы включения детей со специальными образовательными потребностями в общеобразовательный процесс. - Алматы: Раритет, 2002.- 917 с.
- 2 Байтурсынова А.А. Организационно-педагогические условия включения детей с ограниченными возможностями в учебный процесс общеобразовательной школы: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.03. – Алматы, 2010.
- 3 Хитрюк, В.В. Формирование инклюзивной готовности будущих педагогов в условиях высшего образования. Сущность и функции инклюзивной готовности педагога: Дис.д-ра пед. наук. – Калининград, 2015. – С. 82-94.
- 4 Шумиловская, Ю.В. Подготовка будущего учителя к работе с учащимися в условиях инклюзивного образования: Автореф. дис. ...канд. пед. наук. – Режим доступа: sspi.ru/pages/postgraduate/doc/abstracts/2011/shimilovskaya.doc
- 5 Галкина, О. В. Роль и место понятия «организационно-педагогические условия» в терминологическом аппарате педагогической науки : дис. ... канд. пед. наук / О. В. Галкина. — Самара, 2009. — 187 с